

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2026 жылғы 13-19 тамыз

Респонденттер саны: 15

(AERC, Alatau City Bank, Alatau City Invest, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, NAC, AKPA, Еуразиялық даму банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт)	2026	2027	2028
Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	69,1	82,7 (84,6)	75,0 (75,0)	73,7 (71,8)
ЖІӨ өсімі %, ж/ж	6,5	4,8 (4,8)	4,6 (4,6)	4,3 (4,3)
Инфляция %, желт. өткен жылғы желт.	12,3	10,0 (10,0)	8,5 (7,8)	7,0 (6,8)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	18,0	16,0 (16,0)	13,0 (12,8)	10,5 (10,6)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,1	95,0 (94,5)	93,6 (95,0)	97,0 (97,0)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	80,3	82,7 (82,7)	85,2 (85,2)	90,7 (87,7)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	521,6	490,0 (500,0)	516,2 (532,1)	562,2 (566,6)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	9,0 (9,8)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі** %, ж/ж	4,2 (4,4)			
5 жылдан кейінгі инфляция %, ж/ж	5,3 (5,4)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары айтарлықтай өзгерген жоқ: 2026 жылға Brent маркалы мұнай бағасы бойынша күтулер біршама төмендеп, бір баррель үшін **82,7** АҚШ долларын құрады, 2027 жылға – бір баррель үшін **75** АҚШ доллары деңгейінде сақталды, 2028 жылға – бір баррель үшін **73,7** АҚШ долларына дейін аздап көтерілді.

ЖІӨ ӨСІМІ. Қазақстан экономикасы өсуінің болжамы бүкіл болжамды кезеңде өзгеріссіз қалды. ЖІӨ өсімі 2026 жылы **4,8%**, 2027 жылы – **4,6%**, 2028 жылы – **4,3%** деңгейінде күтіледі.

* Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

** Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

ИНФЛЯЦИЯ. Сарапшылардың инфляция бойынша болжамы 2026 жылға **10%** деңгейінде сақталды, 2027 жылға – 7,8%-дан **8,5%**-ға дейін, 2028 жылға – 6,8%-дан **7%**-ға дейін өсті.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеме бойынша күтулер медианасы 2026 жылға **16%** деңгейінде сақталды. 2027 жылға болжам 12,8%-дан **13%**-ға дейін өсті, 2028 жылға – 10,6%-дан **10,5%**-ға дейін біршама төмендеді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары айтарлықтай өзгерген жоқ. 2026 жылға болжам **95** млрд АҚШ долларын, 2027 жылға – **93,6** млрд АҚШ долларын, 2028 жылға – **97** млрд АҚШ долларын құрады.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары 2026–2027 жылдарға тиісінше **82,7** және **85,2** млрд АҚШ доллары деңгейінде сақталды, 2028 жылға – **90,7** млрд АҚШ долларына дейін өсті.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың USD/KZT бағамы бойынша күтулері бүкіл болжамды кезеңде оның нығаюы жағына қарай түзетілді. 2026 жылы респонденттер USD/KZT бағамы жылдық орташа мәнде бір АҚШ доллары үшін **490** теңге, 2027 жылы – **516,2** теңге, 2028 жылы – **562,2** теңге деңгейінде болады деп күтеді.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеме 9,8%-дан **9%**-ға дейін төмендеді.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші 4,4%-дан **4,2%**-ға дейін біраз төмендеді.

5 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ИНФЛЯЦИЯ. Респонденттердің 5 жылдық кезеңде инфляциялық күтулері 5,4%-дан **5,3%**-ға дейін сәл төмендеді.

Көптеген макрокөрсеткіштер бойынша **болжам диапазоны** барлық болжамды кезең бойында әлі де кең ауқымда сақталып отыр. Ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. Бұл сарапшылардың ішкі және әлемдік экономиканың жақын аралықта және ортамерзімді даму келешегіне қатысты белгісіздігін көрсетеді.